

2019 жылға Байзақ ауданында пробація қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 18 наурыздағы № 131 қаулысы . Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 наурызда № 4147 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9, 27 баптарына сәйкес Байзақ ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Байзақ ауданы бойынша ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан ұйымдар үшін ұйымның тізімдік санынан пайыздық көрсетілімінде 2019 жылға пробація қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына қызметкерлердің жалпы санынан квоталар қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Байзақ ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі пробація қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша квота шараларының ұйымдастырылуын қамтамасыз етсін.

3. "Байзақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамаларда белгіленген тәртіппен осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын қадағалау аудан әкімінің орынбасары Дәулетов Дәуір Рысбайұлына жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Р. Рахманбердиев

Байзақ ауданы әкімдігінің

20 ____ жылғы ____

№ ____ қаулысына қосымша

2019 жылға Байзақ ауданында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар

№	Ұйымның атауы	Жыл басындағы қызметкерлердің тізімдік саны (адам)	Белгіленген квота мөлшері			
			Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар		Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар	
			Жұмыс керлердің тізімдік санынан %	Жұмыс орындарының саны (бірлік)	Жұмыс керлердің тізімдік санынан %	Жұмыс орындарының саны (бірлік)
1	"РК Спец Строй" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	13	38,5	5	38.5%	5
2	"Рауан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	15	13 %	2	-	-
3	"Бірлік" шаруа қожалығы	2	50%	1	50%	1
4	"Даулет" шаруа қожалығы	3	45 %	1	-	-
	Барлығы:	33	-	9	-	6